

6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ерданова Гулширин Серикбайқызының «Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертацияға ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстанның дамуының заманауи кезеңі әлеуметтік саладағы мамандарды даярлау жүйесінде негізгі басымдықтарды жаңарту қажеттілігін анықтады. Кәсіби сапалардың әртүрлілігін, қоғамдағы әлеуметтік қызметтер мен рөлдерді ескере келе, білікті кадрларды даярлауға басты талаптар нақтыланды. Білім беруді жаңғырту заманауи педагогтардың біліктілік талаптары мен сипаттамасының жаңаруы мен өзгеруіне алып келді. Педагогтың өнімді жұмыс істеуіне оның жалпы және кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктері тікелей әсер етуде.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі оның педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда теориялық және практикалық даярлығының бірлігін білдіреді. Жаңа талаптар аясында педагог кәсіби икемді, ұтқыр, күнделікті болып жатқан өзгерістерге бейімделуге қабілетті болуы тиіс. Осы тұста педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін арттыратын, аса қажетті кәсіби сапалардың бірі кәсіби имидж болып табылады. Кәсіби имидж әрбір педагогтың маңызды құзыреттілігі, көп еңбекті қажет ететін үрдіс, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудың нәтижесі.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, өзінің пәнінің аясында терең әрі жүйелі білімі бар пән беруші педагог кез келген сәтте жағымды позитивті эмоция туғызуға, еркін қарым-қатынас стилін ұстануға, сенімді, психологиялық жағымды жағдай туғызуға, коммуникацияның жетілдірілген техникаларын басқаруға қабілетті емес. Осы себепті жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі білім берудің жаңғырту, ақпараттандыру, ізгілендіру тенденцияларына жауап ретінде өзекті мәселе болып табылады.

Диссертация құрылымының қысқаша сипаттамасы және оның ерекшеліктері.

Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

Зерттеудің тұжырымдамалық негізі құзыреттілік, тұлғалық, синергетикалық және іс-әрекеттік амалдарға сүйенеді.

Г.С. Ерданованың докторлық диссертациясында болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың шынайы тәжірибесін айқындайтын кең көлемді зерттеу материалдары орын алған.

Ізденушінің нәтижелерді алуға жеке үлесінің мәні диссертация тақырыбы бойынша ғылыми философиялық, педагогикалық, психологиялық және арнайы әдебиеттерге терең талдау жасап, жүйелеуде; айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау эксперименттерін алдын ала жоспарлап, тиімді ұйымдастырып, жүргізуде; диагностикалық зерттеу нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеуден өткізуде, зерттеу нәтижелерін Қазақстан республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus халықаралық базасына енген шет елдік басылымда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинақтарында жариялануында көрініс табады.

ҚР БҒМ философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын талаптары шеңберінде автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелері.

1. Диссертант қазақстандық және шетелдік ғылыми-зерттеу әдебиеттерінің үлкен көлемін зерделеп, жүйелеу арқылы болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің заманауи ахуалын айқындаған.

2. «Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі» ұғымына жан-жақты сипаттама беріп, ерекшеліктерін анықтап, авторлық позицияда аталмыш категорияның мәнін нақтылаған.

3. Мақсатқа бағытталған, әдіснамалық, мазмұндық, нәтижелік блоктарды қамтитын болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық моделін әзірлеген.

4. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі теориялық тұрғыда жобаланып, эксперимент негізінде апробациядан өткізіліп, тиімділігі дәлелденген.

Ғылыми нәтижелердің негізділігі мен шынайылық дәрежесі және олардың жаңалығы.

Зерттеу барысында алынған барлық нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі дұрыс таңдалған ғылыми -зерттеу және диагностикалық әдістермен қамтамасыз етілген: «Сіз өзгелерге ықпал ете аласыз ба?» тесті, «Эмпатия деңгейін анықтау» өзіндік тесті (Юсупов И.М.), «Мұғалімнің кәсіби шеберлігі» өзіндік тесті (Л. А. Байкова, Л.К. Гребенкина), «Заманауи дене шынықтыру мұғалімінің имиджі» элективті курсы бойынша білімді бағалау тесті.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы.

Докторант Г.С. Ерданова докторлық зерттеу аясында «5B010800-Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттеріне арналған «Заманауи дене шынықтыру мұғалімінің имиджі» элективті курсы әзірлеп, тәжірибеге

енгізді; Мұғалімнің виртуалды зертханасы онлайн іс-шараларын, «Имидж-табысқа апарар жол», «Өзін-өзі жарнамалау-табыс стратегиясы» вебинарларын ұйымдастырды және оқу-әдістемелік құрал даярлап, жоғары мектептің оқыту үрдісіне енгізді.

Докторлық жұмыстың «6D010800 - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияларға қойылатын ҚР БҒМ талаптарына сәйкестігі.

Г.С.Ерданованың докторлық диссертациясы өз бетінше жазылған, жаңадан алынған ғылыми нәтижелері бар зерттеу болып табылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынымдарына сәйкес ғылыми жарияланымда көрініс тапқан.

Зерттеудің өзектілігі, жаңашылдығы, алынған теориялық және практикалық нәтижелер негізінде **Ерданова Гулширин Серикбайқызының «Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру»** тақырыбындағы жұмысы 6D010800 - Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын ғылыми талаптарға сәйкес келеді.

Докторант Г.С. Ерданованың диссертациялық жұмысы «6D010800 - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ашық қорғауға ұсынуға лайық деп санаймыз.

**Ғылыми кеңесші:
PhD докторы, қауым. профессор
ҚазСТА ғылым және
стратегиялық даму жөніндегі
проректоры**

А.Б.Дошыбеков

12.02.2024



А.Б. Дошыбековтың
стаймын қызметкерлерді басқару
іс жүргізу бөлімінің бастығы
дпись
веряю нач. ОУПид